

**"Ішкі істер органдарының қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету, тұрғын үйді жалдау (жалға алу) үшін өтемақы төлеу қағидаларын, сондай-ақ өтемақы алуға құқығы бар ішкі істер органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 1209 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 4 наурыздағы № 122 қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 524 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2021 № 524 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .**

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы қаулы 01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ішкі істер органдарының қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету, тұрғын үйді жалдау (жалға алу) үшін өтемақы төлеу қағидаларын, сондай-ақ өтемақы алуға құқығы бар ішкі істер органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 1209 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 71, 642-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген ішкі істер органдарының тұрғын үйді жалдау (жалға алу) үшін өтемақы алуға құқығы бар қызметкерлері лауазымдарының санаттарында:

"1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің орталық аппараты" деген бөлімде:

"Жетінші бөліністер және "Р" бөліністері" деген кіші бөлімде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жедел қызмет департаменті";

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыс, қала бойынша департамент, басқарма (бөлім):".

2. Осы қаулы 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК